

2010 жылдың көктемінде және күзінде шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 мамырдағы № 132 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 15 маусымда № 7-10-86 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 21 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2011.02.28 № 21 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскер қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шақыру және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан –желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шақыру және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан –желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. "Сырым аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қатарына 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. 1–қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясының құрамы құрылсын. Аудандық шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссия

қ ұ р ы л с ы н .

3. Шақыру учаскесі Жымпиты ауылы, Жұмағалиев көшесі 13 мекенжайда орналасқан "Сырым аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында ұйымдастырылсын.

4. Сырым ауданы бойынша азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. "Сырым аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сұранысына қарай техникалық қызметкерлермен қамтамасыз ету, "Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тапсырылсын.

6. Әскерге шақырылушы азаматтарды медициналық тексеруден өткізу үшін жабдықталған орындар, жоғары білімді, тәжірбиелі маман дәрігерлер мен медбикелерді қажетті мөлшерде бөліп медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, шақыру комиссиясы емдеу мекемелеріне жолдаған азаматтарды ведомстволық бағыныштылығына сол көрсетілген емдеу мекемелерінде стационарлық және амбулаториялық тексеруден өткізуді қамтамасыз ету, бұл мақсатқа аудандық ауруханадан 6-8 кісілік кереуеттік орын бөлу "Сырым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазналық кәсіпорына (келісім бойынша) ұсынылсын.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 16 сәуірінен бастап құқық қатынастары таратылады.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Турегалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Нысанғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы

_____ *К. Маканов*

Аудандық орталық ауруханасы
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның
директоры

_____ *А. Дүйсенғалиев*

Аудандық ішкі істер
бөлімінің бастығы

_____ *А. Алдабергенов*

1 - қ о с ы м ш а

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

№ 132 қаулысымен бекітілген

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

| | | |
|---------------------------------|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Маканов Қайрат Ұзақбайұлы | - | аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша) |
| Сарсенов Ерлан Жолдыбайұлы | - | аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары |
| Комиссия мүшелері | | |
| Кубашев Гиззат Оразғұлұлы | - | адандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша) |
| Какимжанова Аккүміс Ұзақбайқызы | - | аудандық орталық аурухана бастығының емтеу ісі жөніндегі орынбасары, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша) |
| Султанова Гүлбарам Бақытжанқызы | - | медбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша) |
| Резервтік құрам | | |
| Муканов Ербол Мақсотұлы | - | аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының орынбасары, комиссия төрағасы (келісім бойынша) |
| Макашев Ерлан Қабдолуапұлы | - | аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқық және кадрлармен жұмыс бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары |
| Комиссия мүшелері | | |
| Ниязғалиев Тимур Қабылұлы | - | адандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша) |
| Мендешов Сабыр Әбділхалықұлы | - | аудандық орталық аурухананың бөлім меңгерушісі, медициналық комиссияның төрағасы, (келісім бойынша) |
| Кыдыралина Манар Бекниязқызы | - | медбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша) |

Аудандық медициналық комиссия құрамы

Медициналық комиссияның төрағасы, дәрігер

Дәрігер - мамандар:
 Хирург
 Көз дәрігері
 Нарколог
 Невропатолог
 Тері венеролог
 Дерматолог
 Рентгенолог
 Тіс дәрігері

О т о л а р и н о л о г
Т е р а п е в т

Психиатр

Орта буын медицина қызметкерлері:
Көз дәрігерінің медбикесі
Терапевт дәрігерінің медбикесі
Отоларинолог дәрігерінің медбикесі
Рентгенолог дәрігерінің медбикесі
Психиатр дәрігерінің медбикесі
Нарколог дәрігерінің медбикесі
Тіс дәрігерінің медбикесі
Невропатолог дәрігерінің медбикесі
Дерматолог дәрігерінің медбикесі
Фтизиатрдың медбикесі

Медбике

2 - қ о с ы м ш а

А у д а н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 8

ә к і м д і г і н і ң

м а м ы р д а ғ ы

№ 132 қаулысымен бекітілген

**Сырым ауданы бойынша әскери қызметке
шақырылған азаматтардың медициналық
тексеруден өткізу кестесі**

| р/с | Қорғаныс істері жөніндегі бөлім | Комиссияның жұмыс күндері, уақыт 8:30-дан 12:30-ға дейін | | | | | |
|-----|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|-------|--------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|------------|
| | | сәуір | мамыр | маусым | қазан | қара-ша | жел-тоқсан |
| | Сырым аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі | 16.04.2010 19.04.2010 20.04.2010 21.04.2010 22.04.2010 23.04.2010 | | | 05.10.2010 06.10..2010 07.10.2010 08.10.2010 11.10.2010 12.10.2010 13.10.2010 | | |

